

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС РЕДАКТОРЛАР КЛУБЫ
ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ БАСПА ІСІ КАФЕДРАСЫ

**«ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

атты Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі,
Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі
филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы
Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша, 2023 жыл

Астана, 2023

ӘОЖ 070+821.512.122.0
ҚБЖ 76.01+83.3 (5 Каз)
X17

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының кандидаты, профессор Қ.Ө.Сақ
Жауапты редактор - құрастырушы:
филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин
Құрастырушы – филология ғылымдарының кандидаты А.Қ.Умбетова

Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналған «ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Астана, 24 қараша, 2024 жыл / жауапты редактор - құрастырушы М.Б.Тоқтағазин, құрастырушы А.Қ.Умбетова. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023. -333 б.

ISBN 978-601-337-930-2

Жинақ Халықаралық Ақпараттандыру академиясының толық мүшесі, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор, Сәуле Есембекқызы Тапанованың өмірі мен ғылыми-шығармашылығына арналып, «Журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында шығарылды. Ғылыми еңбекке еліміздегі және шет елдердегі ғалым-зерттеушілердің журналистика мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері және даму парадигмалары туралы тың мақалалары мен елге танымал ғалымдардың, педагогтар мен басқа да танымал тұлғалардың профессор С.Е.Тапанованың ғалым, ұстаз, тәлімгер ретіндегі келбетін ашатын мақала, естелік, эсселері енгізілген.

Ғылыми жинақ материалдары студенттер мен магистранттарға, докторанттарға, жас зерттеушілер мен қаламгерлерге және жалпы көпшілік оқырмандарға арналған.

ISBN 978-601-337-930-2

ӘОЖ 070+821.512.122.0
©Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Сыдықов Е.Б.....	3
------------------	---

I БҰҚАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Пронин А. Ресурсный подход в исследования масс-медиа: к постановке проблемы.....	4
Алламбергенова П. Қарақалпақстан телевидениесіндегі парламент журналистикасы.....	6
Ишанова А. Маклюэн и его концепция социальных медиа.....	8
Таштемирова З. Об основных свойствах и категориях медиатекста.....	13
Джуракулова Г, Спикердің аудиториямен жұмыс істеу принциптер.....	17
Жұмабекова Ф.Н, Дарменова А.Е. Болашақ мамандар даярлауда цифрлық технологияны пайдаланудың тиімділігі.....	21
Бахрамова М. Исследование гендерного фактора в речевом поведении.....	28
Козлов А, Канапьянов С. Становление и развитие военной журналистики Казахстана.....	33
Мутугулина Н. Особенности современных сми в аспекте глобализации.....	40
Есенбекова Ұ. Жаңаарқалық профессордың даналық шуағы.....	44
Шалғынбаева К, Жұпархан А. Оқушылардың танымдық белсенділігін сүйемелдеуге бұқаралық коммуникация құралдарының әсері.....	49
Тоқтағазин М. Ғылым шыңындағы ғибратты ғалым.....	55
Есенбекова Ұ, Рахымбаев Н. Қоғамдық сананың өсуі мен телевизияның даму кезеңдерінің технологиялық өзгерістермен байланысы.....	58
Баткеева Б. Мұзафар Әлімбаевтың редакторлық қызметі (ақынның 100- жылдық мерейтойына орай.....	66

Умбетова А, Шауенова Г, Ерол А. Абай Құнанбайұлы және алаш көсемсөзі.....	70
Демьянова А, Насырова Р, Абишева В. Сторителлинг как современная форма сказительства.....	75
Омарханов Ж. Баспасөз қызметінің мемлекеттік құрылымдардағы рөлі: стратегиялары мен ықпалы.....	80
Абдрахманова А. Әлеуметтік медианың БАҚ саясатындағы рөлі және олардың экономикалық пайдасы.....	83
Асилбек Ж. Интернет бақ-тың ақпарат берудегі мультимедиялық құралдарды қолдануы.....	87
Мажитова Л, Каирова Г. Бұқаралық-коммуникациялық қызмет жүйесіндегі журналистика психологиясы.....	92
Тайжанова Г. Қазақ терминологиясының даму белестері.....	95
Абилбекова И, Шурентаев А. Медидағы балалар мен жастарға арналған білім беру контенті.....	98
Бахтиярқызы Ж. 1996-2000 жылдар аралығында “Егемен Қазақстан” газетінде қозғалған әйелдер мәселесі.....	102
Қазанбай Д, Жанпейісова Қ. БАҚ-ғы кәсіпкерлікті реттеу және қолдау бойынша мемлекеттік саясатты талдау.....	106
Калмурзина М, Сәрсенбаева А, Болатова Ж. Ғылыми библиография дамуының әлеуметтік-институционалдық мәселелері.....	110
Жапаева Г, Жанпейісова Қ. Ақпараттық кеңістікте діни фактордың талдануы.....	113
Төлекбаева Г. «Abai tv» телеарнасындағы алаш тақырыбы.....	117
Мұратқызы С. Камал Смайылов публицистикасындағы білім және ғылым тақырыбы.....	121
Асқар С. Заманауи медидағы ғылым көрінісі: тенденциялар, кейстер мен перспективаларды талдау.....	125
Kusainova A, Zhanysbaeva A. The concept and features of criminal journalism.....	130
Қайратқызы А. COVID-19 пандемиясы кезеңінде қазақстанда тұрмыстық зорлық зомбылықты реттеудегі масс-медианың рөлі.....	134
Айтбай А. Қазақстанның медиа кеңістігіндегі креативті индустрия және медиаэтика мәселесі.....	140
Болатова Ұ. Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары үшін халықаралық идеологиялық егемендікті тұрақтандырудағы жаңа перспективалар мен сын - қатерлер.....	145
Қабдрашев Б. Саяси қақтығыстардағы манипуляция және жалған ақпарат.....	149
Маханбетова А. БАҚ-тағы қазіргі мәселелер мен фактчекингтің маңыздылығы.....	153
Қасымжанова Г. Мобилография технологияларының қазақ тілді масс-медианы дамытудағы рөлі (qaz365.kz мысалында).....	157
Кудайберген С. Интернеттің бала дамуына әсері.....	164

Жусупова Д. Инклюзивті білім берудегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды	170
---	-----

II ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ДАМУ ПАРАДИГМАЛАРЫ

Еспенбетов А. Сұлтанмахмұттанудың өзекті мәселелері.....	177
Ердембеков Б. Абайдың поэзиядағы сыны.....	184
Зейнулина А.Ф.,Ташекова А.Т. Қазіргі қазақ романының тақырыптық-жанрлық көркемдігі.....	191
Хамзина Қ, Қалыбекова К. І. Есенберлин және қазақ әдебиеті.....	196
Умбетова А, Шауенова Г, Хамитова Э. Тұманбай Молдағалиев поэзиясындағы эстетикалық идеал.....	201
Смагулова А. Абай қарасөздерінің тезаурусы.....	206
Алтайбекова К. Әйелдер бейнесін жасаудағы алғашқы ізденістер.....	212
Шегетайқызы Б. Қазақ ақындарының шығармашылығындағы төрттіктер.....	217
Кулибекова Ж, Бигужина Г. Мағжан Жұмабаев және Солтүстік өңір қаламгерлерінің шығармашылығындағы өзара үндестік.....	221
Оралқызы З. Б. Кенжебаев – әдебиет тарихының білгірі.....	225
Бердикенов У, Тоқсамбаева А. Әдеби шығарма-тұлға дамытудың негізі немесе мектепте әдебиет пәнін жаһандық тұрғыдан оқыту.....	230
Зеймұллаева Т. Қазақ новеллаларының жанрлық сипаты мен көркемдік жүйесі.....	235
Сыланова А, Тоқсамбаева А. Қудалау қамытын киген ағайынды Қоңыратбаевтар.....	240
Кемелтай Е, Тоқсамбаева А. Зейнолла Сәнік шығармаларындағы ұлттық құндылықтың көрінісі.....	245
Мубаракова С.Е. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Сұлтанмахмұт Торайғыровтың әдеби мұрасы.....	246
Байқон Қ, Біржан салдың музыка әлеміндегі орны.....	252

МаксUTOва А, Шатенова С. Оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....	255
Жайманова Н. Әдебиет пәнін оқытудағы белсенді әдістер.....	261
Амирова Э, Сабит Д. Бастауыш сынып оқушыларының мәтіндер арқылы тілін дамытудың ерекшеліктері.....	265
Умбетова С, Жасынбекова Б. Әдебиет сабақтарына ақпараттық технологияны енгізу.....	269
Умбетова А, Балгимбекова А. Ыбырай Алтынсарин әңгімелеріндегі ғибрат – оқытудың қуатты құралы.....	273
Балгимбекова А. Әңгіме жанрын оқыту жолдары.....	277
Муханова М, Досжанова Б. Оқу үдерісіндегі инновациялар.....	282
Кулибекова Ж, Ережепова А. Қазақ ертегілеріндегі жағымсыз кейіпкерлердің бала психологиясына әсері.....	286
Альчимбаева Н, Райханова Г. Қазақ поэмаларындағы хандар тұлғасы.....	290
Доскенова К, Жандаулетова Ж. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы сал – серілер мұрасы.....	294
Байқон Қ. Фариза Оңғарсынова шығармаларындағы өнер адамдарының бейнесі («Дыбыстар әлемі» және «Сайраған жетісудың бұлбұлымын» поэмалары негізінде)	299
Хамитова Э, Умбетова А. Әйел бейнесі – қоғам бейнесі (профессор С.Тапанованың зерттеулері негізінде).....	302
Омарова К. Көркем шығармағы әйел бейнесі Д.Исабековтың «Әпке» драмасы бойынша тапсырмалар топтамасы.....	308
Жумабекова Г. Оқылым дағдысын дамытудың тиімді жолдары.....	313
Макатова А. Қазіргі медиамәтіндердегі стереотиптер.....	317

1. Федорова, С. В. Визуализация как ведущая тенденция развития СМИ [Текст] / С. В. Федорова // Филологические науки. Вопросы теории и практики – 2014. – № 7 (37), Ч. 2. – С. 189–191.
2. Кәкіштегі Нұрдәулет. Мобилография мүмкіндігі: Асхат Шынәлі 2 жылда қандай жетістікке жетті? – URL: barakeldi.kz (Available at: 12.09. 2021).
3. Штомпка П. Визуальная социология. Фотография как метод исследования: учебник. / Пер. с польск. Н. В. Морозовой. Авт. вступ. ст. Н. Е. Покровский. - М.: Логос, 2007. – 168 с.
4. Паниотова Т.С., Митрохина М.В. Феномен мобилографии как новая форма репрезентации идентичности //Знание. Понимание. Умение. – 2016. – №1.
5. Мобилограф: Бір жерде 30-40 жыл жұмыс істеп, жетістікке жетемін деу қате. – URL: <https://aqmeshit-zhastary-kz> (қаралған күні: 14.10.2022).
6. Богданова Н.М. Притягательность вернакулярных снимков или мобилография как повседневное искусство //Вестник Самарской гуманитарной академии. Серия «Философия. Филология». – 2018. – №1 (23).
7. Почему мобилография в Казахстане всё популярней и где этому учат - https://forbes.kz/economy/marketing/pochemu_v_kazahstane_nabiraet_modu_mobilografiya_i_gde_etomu_uchat/
8. Хабермас Ю. Модерн – незавершенный проект. / Пер. с нем. А. Б. Григорьева // Вопросы философии. - №4.– 1992. - С. 40–52.
9. Симакова, С. И., Топчий, И. В. Визуализация медиапространства в контексте сохранения гуманистических ценностей [Текст] / С. И. Симакова, И. В. Топчий // Вопросы литературы и журналистики в контексте сохранения гуманистических ценностей : коллект. монография / под ред. М. В. Загидуллиной, С. И. Симаковой. – Челябинск : ЧелГУ, 2019. – С. 197–205.
10. Какие картинки привлекают внимание пользователей? [Электронный ресурс] // Семантика. – URL: <https://semantica.in/blog/foto-dlya-sajta-kartinki-dlya-privlecheniya-vnimaniya.html> (дата обращения: 10.10.2019).

ИНТЕРНЕТТІҢ БАЛА ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Саяжан Кудайберген,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану
факультетінің студенті
Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл ғылыми мақалада интернеттің бала психологиясына әсері қарастырылады. Баланың зейін, қабылдау, есте сақтау және ойлау қабілетіне әсерін анықтап, әр бөлімге нақты түсінік беріледі. Мәселені айқындаудың зерттеу жүйесі құрылды. Бұл мақала тақырыбына сай интернет, әлеуметтік желі ерекшеліктеріне тоқталған және туындаған мәселелерді шешу жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: Смартфон, интернет, ұялы телефон, видеоойындар, психология, достық, балалар,, бала дамуы, әлеуметтік желі, зейін, зерттеу.

Қолындағы смартфонға тесіле қарап, тілдесуге шорқақтық танытатын балалар бейнесі- күнделіктітұрмыстың үйреншікті құбылысы болып бара жатқандай. Балалардың қай жас шамасы бұл құбылыс үшін тым ерте? Балалардың смартфонмен достығы - балабақшадағы достықтан да маңызды қарым-қатынасқа айналған. Ересек адамдар арасындағы телефонға тәуелділік өз алдына, құрылғының өмірді алғашқы парағынан бастап жатқан балалардың ой-өрісіне әсерінің терістігімен қатар, пайдалы тұстары да бар болып шықты-мыс. Мәселеге алаңдаушылық танытқан ғалымдар 2020 жылы әлемдік зерттеу жүргізді, нәтижесінде, балалардың 60%-ы смартфонмен таныстығын 5 жасқа дейін бастаса, олардың 31%-ы 2 жасқа дейін-ақ телефонның қыр-сырынан хабардар болғандар. Технологиямен ерте танысу- балалардың «технологиялық сауаттылығы» үшін маңызды қажеттілік деген пікірлер де жоқ емес. Алдыңғы буын өкілдерінің өмірлік естеліктері альбомдар мен жазба кітапшаларында сақталса, қазіргі буынның бар естелігі телефон жадынан орын тепкен. Осы себептен де, қазіргі балалар өмірдің басталуы мен аяқталуын телефон қуатының мәреге жетуі және қайта қуаттануымен байланыстыратын жағдайға жеткен. Балаларға арналған экран уақытының шамадан тыс болуы немесе жасөспірімдердің құрылғымен байланысының бақылаусыз әрі шектеусіз қолжетімді болуы олардың психологиялық дамуына жанама әсерлер тудыруы ғажап емес.

Смартфондар миға қалай әсер етеді?

Кішкене жастағы балалар үшін:

Смартфондар баланың психологиясына қалай әсер ететіні немесе сәбидің өз шындығы мен өзіндік бейнесін қалай бұрмалайтыны туралы зерттейтін тұстар әлі де көп. Десе де, анығы- ең кішкентай балалар үшін экран уақытының шектелуі міндетті. Бұл жағдайда, ерте жастағы балалардың түрлі-түсті суреттер мен экран жарығынан басқа көрген кескіндерді өңдей алмайтынын ескере кеткен жөн. Балдырғанның смартфонда өзін көруі де солай, сонымен қатар, бұл алыстағы туыстармен тілдесу үшін тамаша тәсіл болғанымен, бала олардың кескінін көрсе де, алғашқы көргенін өңдей алуы екіталай. «Бала айнаға қараған кезде өзін-өзі анықтаудың бірнеше кезеңі бар», - дейді Лазар. Ал смартфон камерасы айна емес, бірақ бала белгілі бір сәтте өз-өзін таниды. Егер құрылғыда арнайы фильтрлерді пайдалансақ, баланың өзін тануы ықтималдығы азая түседі.

Кіші мектеп жасы:

Балалардың дамуы үшін физикалық белсенділіктің, жеткілікті ұйқының және ойынға бөлінетін уақыттың қаншалықты маңызды екені мәлім. Экранды шектен тыс пайдалану аталған әрекеттердің барлығын- қимылсыз экранға телміріп отырумен алмастыра салуы өкінішті. Тағы бір шындық, смартфонды бастауыш сыныпта оқитын баладан алыс ұстау өте қиын. Себеп, Лазардың пайымындағы «Смартфон ұстау бастауыш сынып оқушылары үшін асқан мәртебе» деген пікір. 2018 жылы бастауыш мектеп оқушылары арасында

жүргізілген зерттеу экрандағы уақыттың ұлғаюы мен мойынұсынбау, гипербелсенділік және назар аудармау секілді мінез-құлық проблемалары арасындағы корреляцияны анықтады.

Жасөспірімдік шақ:

Жасөспірімдік шаққа аяқ басу арқылы, балалар өздерінің басқалардың оларды қалай қабылдайтынын, қоршаған әлеуметтік құрылымдарға қаншалықты сәйкестігін біледі. Бірақ бұл өзін-өзі бағалау жасөспірімдер әлеуметтік желілерге тым көп көңіл бөлгенде немесе интернетте тым көп теріс хабарламаларды қабылдағанда бұрмаланатыны хақ. Ғалымдардың айтуынша, жасөспірімдер смартфондар мен әлеуметтік медианы қарым-қатынас құру платформасы ретінде пайдаланады және оң өзгерістердің күшті агенттері бола алады.

Смартфондардың ағзаға әсері. Аңыз бен шындық

Ұялы телефондар мен гаджеттердің психика мен физикалық денсаулыққа әсері жайлы деректердің көптігінен олардың шындығы мен қауесетін ажырата білген жөн. Мысалы, телефондағы радио жиіліктерді қатерлі ісікке жетелейді дегенді естіп жүрміз. Азық-түлік және дәрі –дәрмек басқармасы мәліметтері бойынша, әсер ету деңгейі бойынша, радиожиілік пен қатерлі ісік арасындағы байланыстың маңызды дәлелі айқындалмады. Дәлелді деректерге келер болсақ, ұйқы алдындағы смартфонмен жұмыс жаса ұйқының бұзылуына алып келеді. Сонымен қатар, жасөспірімдердің депрессия жиі шалдығуы мен ашуланып, мазасыздануына смартфонның қосар үлесі тіптен зор. Мақаланы оқи отырып оқырмандардың біразы балаларын смартфоннан мүлде қол үзуге мәжбүрлеймін деген ой қалыптастыру ғажап емес. Бұл қате әрі жүзеге асырылуы күрделі процесс. Ендігі шешім, баланың экран алдындағы уақытын шектеу және бақылау орнату. Олардың көңілін басылған лүпіл мен пікірлерге тәуелділіктен арылтып, шынайы қарым-қатынастарға баулу. Балалар бір-бірімен өзара әрекеттесетін және балалардың өзі де әсер ете алатын айқыш-ұйқыш ортаның торында өсіп келеді. Ури Бронфенбреннер бірінші болып адам дамуының экологиясына назар аудару қажеттігін баса көрсетті. Ол үшін барлық әртүрлі контекстер мен олардың бір-біріне қарым-қатынасын анықтайтын жүйелі тәсіл табу керек. Мысалы, микрожүйе – тікелей ата-аналарға, іні-қарындастарға, отбасы өміріне, мектепке және құрдастарға арналған орта, ал мезожүйе – микрожүйелер мен олардың арақатынасының жүйесі. Ата-ана мен баланың мектебі арасындағы қатынас секілді, осы өзара әрекеттестіктің сапасы баланың дамуына әсер етеді. Экзожүйе – айнала, бұқаралық ақпарат құралдары, транспорт желілері және қоғамның басты институттары сияқты осы микрожүйелер өмір сүретін кең мазмұнды қамтиды. Макрожүйе бала өсіп-жетілетін – оның саяси-құқықтық институттары, әлеуметтік, білім беру және экономикалық мүмкіндігі сияқты қамту аясы кең мәдениетке жатады. Мейірімді отбасында, бірақ азаматтық соғысқа шырмалған елде өсіп келе жатқан баланы алып қарайық. Баланың

микрожүйесі өте жағымды үлес қосқанмен, ол өте қауіпті макрожүйе аясында болады. Ақыр аяғында, одан да кең орта бөлшегі – баланың тарихтағы уақыты және ол өмір бойы қалай өзгередіні хронологиялық сипатта болмақ. Барлық технология осы ортаға қалай үйлеседі? Микрожүйенің бөлшегі ретінде, олар қосулы компьютер, ноутбук, смартфон, планшет, видеоойын приставкасы, электрон кітаптар және интернет ұсына алатын барлық орталар болып бой көрсетеді. Ол тіпті «технология» болып көрінбеуі де мүмкін. Оның орнына олар жиһаз, ойыншық, тұрмыстық техника болып баланың айналасына сіңісіп кете алады. Компаниялар көп аудитория тарту үшін бір-бірімен бәсекелесетіндіктен, олар макрожүйеде аса айрықша рөлге ие бола қоймайды; үкіметтер мазмұнын цензураға салады; бұзып кіру және электронды бақылау құпиялықты нашарлатады; ең ақыр аяғында, заң шығарушылар құқықты шектемей отырып, балаларды қорғау тәсілдерімен күреседі. Когнитивті, әлеуметтік, эмоциялық және физикалық даму осы орта аясында болады, осы бөлшектердің бірінің рөлін арттырып жіберу оңай емес. Технологиялық деңгейдегі өзгерістердің естен тандыарлық қарқыны қиындықтарды көбейтеді, сондықтан зерттеушілер бүгінгі не ертеңгі емес, кешегі үдерістер жайлы жиі айтады. Дегенмен біз интернетті немесе компьютерді жалпы қолдану жайлы кең ауқымды емес, нақты қосымшалар мен онлайн-аумақтарды қарастыратын зерттеулер арқасында интернеттің және басқа да цифрлық орталардың рөлін нәзік түсінуге мүмкіндік аламыз.

Балалар мен жасөспірімдер шын мәнінде немен айналысады?

Осынша таңдау тұрғанда, қолдарына смартфон алғанда, планшеттің бетіне саусағын қыдыртқанда немесе пернетақтаны басқанда, жастар не істейді? Жас буынын, 2000-нан астам балалар мен жасөспірімді зерттеу арқылы олардың осы цифрлық әрекеттерді өздері қолданатын барлық медиаға, оның ішінде TV, музыка, баспа материалдары және фильмдерге де қосатыны анықталған. Олардың ақпарат құралдарын қолдану көрсеткіші күніне жеті сағаттан асқан. Бұл бес жыл бұрынғы көрсеткіштен 20 пайыз жоғары. Сондай-ақ олар көптапсырмалы және көпэкранды режимді пайдаланады, сондықтан олардың ақпарат құралдарына жалпы шырмалу деңгейі 10 сағат 45 минутқа бір-ақ секірді. Осы уақыттың басым бөлігі әлі де теледидар қарау мен музыка тыңдауға жұмсалады, дегенмен компьютер мен видеоойындарға шығындалатын уақыт қатты өсе түсті. Адамдардың 84 пайызының үйінде интернет бар, ал әрбір адам өзінің жатын бөлмесінде желіге ене алады. Жеңілүші – баспа БАҚ, бес жыл ішінде олардың қаралымы 43 минуттан 38 минутқа дейін төмендеді. Түрлі жас деңгейіне арналған үлгілер де өзгеріске ұшырады: орта мектептің 11–14 жас аралығындағы оқушылары ақпарат құралдарын, әсіресе теледидар, компьютер және видеоойындарды тұтынады. Жоғары сынып оқушылары музыканы көптеп тыңдаушылар қатарына жатады. Бұл зерттеуде балалар мен жасөспірімдердің ұялы телефонмен сөйлесіп және мәтін хабарламалар жіберіп өткізген уақыты есепке алынған жоқ. Ол да орта мектепте уақыттың біраз бөлігін сіңіріп алатын әрекет емес пе? Жетінші

сыныптықтар күніне бір жарым сағат хат алмасады екен. Нақты мазмұнға тереңдей отырып, жасөспірімдер мобил құрылғылары арқылы енетін онлайн-аумақтар көп жағдайда байланыс пен әлеуметтік желіге бет бұрады. WeChat, Vine, Flickr, Snapchat, WhatsApp, Instagram сияқты мәтін хабарлама және сурет алмасуды негізгі міндеті еткен мобил қосымшалар таңдамалылар санатына еніп кетті. Мысалы, 7000 жасөспірім қатысқан сауалнамада қатысушылардың 87 пайызы күн сайын хат жазысқаны, ал 61 пайызы Facebook-ті қолданғаны анықталды. 8–12 жас аралығындағы жасы кіші балаларды зерттеу де сүйікті сайттардың кейбіреуі жас деңгейіне сәйкеспейтіні байқалды. 7 Common Sense Media сайт деп танитын, он үш жастан жоғары адамдарға лайық деп саналатын YouTube кішкентай балалардың танымал сайтына айналған. Қолданушыларының жасы он үштен жоғары болуын нақтылауды талап ететін Facebook екінші болған. Жасы он үшке толмаған балалар кейде ата-анасының келісімімен-ақ профиль жасау үшін өзінің жасын өтірік айтуға тырысады. Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама барысында Facebook-те есептік жазбасы бар балалардың 38 пайызының жасы он үшке толмаған, ал 4 пайызы тіпті жеті жасқа да жетпеген. 8 Басқа танымал сайттар жас деңгейіне сәйкес келеді, оның ішінде Webkinz пен Disney's Club Penguin де бар. Онлайн мен оффлайн арасындағы шекараның жойылып бара жатқанын ескерсек, «онлайн» әрекеттерді шектеу шынында да қиынға соғады. Мысалы, бала интернетке қосылуды қажет етпей-ақ қолдана алатын математикалық бағдарламалық жасақтама мәліметтерді веб-сайтқа есеп беру үшін жүктей алады. Біз білім беруге арналған бағдарламалық жасақтамасы бар компакт-дискілер болсын, видеоприставкаларда ойналатын фильмдер болсын немесе қарапайым теледидарда немесе Netflix арқылы көретін фильмдер болсын, балалар мен жасөспірімдер барлық цифрлық медианы қалай қолданатынын қарастыратын зерттеулерге сүйенеміз. Ендеше, зерттеулер ықтимал артықшылығы мен кемшілігі туралы түрлі нәтиже көрсететін когнитивті даму саласынан бастайық.

ВИДЕООЙЫНДАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Видеоойындардың көп артықшылығы бар. Ол туралы осы тарауда тағы айтып өтеміз. Бірақ мінез-құлық ғылымдары саласындағы зерттеулердің бір бөлігі олардың әсіресе екі саладағы зиянды әлеуетіне маңыз береді. Соның бірі – кейде «интернет-тәуелділіктің бұзылуы» деп аталатын, айтыла-айтыла жалықтыра бастаған қиянат. Ойыншылардың видеоойындарға басымен кіріп, өзі туралы ойлауға да шамасы келмей қалатыны туралы қайғылы оқиғалар ақпарат құралдарының бас тақырыбына айналған, ал кейбір жағдай іс жүзінде өлімге де әкеп соқтырады. Мысалы, жас корейлер жұбы «виртуал қызды» онлайн-тәрбиелеуге көп уақыт бөлгені сонша, олардың өз қызы аштан өліп қалған. Қытайда бір қыз бірнеше күн бойы World of Warcraft ойнап қайтыс болғанда, онлайн-қоғамдастық оның виртуал жерлеуін өткізді. Мұндай оқиғалар сирек, бірақ беріліп кеткен адамдарда олардың ойыннан басқа да психикалық ауытқушылықтар болуы мүмкін. Видеоойындар өте тартымды,

оны күндіз-түні серік қылған адамдар күндердің күні ойындарының өз өміріне психикалық белсенді заттарды немесе патологиялық құмар ойындарды асыра пайдаланғаны сияқты жолмен кері әсер етіп жатқанын байқар еді. Адамның мінез-құлқына видеоойындардағы зорлық-зомбылықтың ықпалы – маңызы жағынан екінші проблема. Ең көп сатылатын ойындарға қарасаңыз, онда қан мен кісі өлтірудің көп екенін байқайсыз. Ересектер үшін М рейтингімен бағаланған Grand Theft Auto V ойыны – осының айқын дәлелі. Ойыншылар Лос-Анжелеске ұқсайтын қалада көлік ұрлап, адамдарды атып, өздеріне қылмыскер ролін алады, ал сюжеттік желіде зорлық-зомбылық, есірткі, секс және жауыз адамдар жетіп-артылады. Ойын құны 1 миллиард доллардан асты, бірақ сатуға шығарылған алғашқы үш күн ішінде-ақ шығынның орны жабылды.²⁰ Осындай ойындар адамдардың өзін ашу-ызалы ұстауға итермелей ме?

Видеоойындардағы зорлық-зомбылық: агрессияға ықпал ету

Зерттеушілер зорлықты насихаттайтын барлық сипаттағы ақпарат құралдарының адам мінез-құлқына ықпалын ондаған жыл бойы зерттеді. Пікірталас әлі күнге жалғасып жатса да, жалпы қорытынды, әсіресе агрессиялылық сияқты кері салдардың көп екенін аңғартады. Зерттеушілердің басым бөлігі видеоойындарға қатысты алғанда, зорлық-зомбылықтың ықпалын қарастырады. Нәтиже көңіл көншітпейді: зорлықтың ауыр түрі кек қайтару сезімі және басқа адамдарға шын мәнінде агрессиялы мінез көрсету сияқты агрессияның жоғары деңгейіне байланысты екені байқалады. Қатал видеоойындар ойнайтын адамдар зорлық-зомбылықты сезінбейтін болып қалуы мүмкін. Олардың бойында мұқтаж адамдарға жанашырлық аз болады. Зерттеу қарапайым тексеруден мұқият зерттеуге дейінгі аралықты қарастырады, онда қатысушылар кездейсоқ тәсілмен бөлініп, ұзақмерзімді эффектілер мен эксперименттер бағаланады. Мысалы, корреляциялық зерттеуде магистранттар ашушандық, қызбалық, дұшпандық, ашу, агрессиялы мінез-құлық және құқықбұзушылық сияқты агрессияшылдықтың түрлі қыры бағаланған анкета толтырды және видеоойындар туралы сұрақтарға жауап берді. Қатал видеоойындар ойнаған студенттер, мысалы, «басқа студенттерді ұру немесе ұратын ыңғай таныту» немесе «біреуді мерткітіру немесе өлтіру мақсатында шабуыл жасау» деген ыңғайдағы ықтималдығы өте жоғары агрессиялы мінез-құлық жайлы баяндады.

ВИДЕООЙЫНДАРДЫҢ ПАЙДАСЫ

Видеоойындар саласындағы зерттеулердің басым бөлігі олардың ықтимал зиянына көбірек назар аударады. Ал жақында жүргізілген зерттеулер адам мінез-құлқының таным, ынталану және басқа да қырлары үшін құнды артықшылықтары барын байқатып отыр.²⁷

Когнитивті артықшылықтар

Алға жылжығысы келетін ойыншылар үшін көп ойын кең қабылдау, ақыл- ой қозғалысы және визуал назар аудару сияқты когнитивті және танымдық қабілеттерді талап етеді. Бұл жылдам дамып келе жатқан, ойыншылары күтпеген оқиғаларға, мысалы, қол астынан секіріп шығатын монстрларға немесе шатыр үстінен бақылап тұрған жау мергеніне жылдам реакция білдіретін ойындар үшін өте маңызды. Осы машығын шыңдайтын адамдар видеоойындарды жиі ойнайды. Бірақ осы ойындар когнитивті машықтарды үйренуге де жол ашады, бұл сабақтың нәтижесі жаман емес. Мысалы, экшн видеоойындар ойыншылары бейтарап ойыншыларға қарағанда, визуал назарды қажет ететін, көру шегіне нысаналарды сәйкестендіретін тапсырмаларды жақсы орындайды. Ол 7.2-суретте көрсетілген. Ойыншылар бір-бірінен несімен ерекшеленетінін көрсететін зерттеулер сериясында қатысушылар экран бұрышынан жылт етіп көрінген нәрсе шаршы әлде ромб екенін анықтауға тырысты. 28 Түрлі сынақта экранда азды-кем жинақылық болды. Ойыншылар алаңдататын ретсіздік тапсырманы қиындатып тұрған сәтте де өздерін жақсы ұстады. Оларда осы тапсырмаға қолдана алатын назар ресурсының жеткілікті қоры болғандай көрінеді. Бейтарап ойыншылармен салыстырғанда, экшн ойыншылары пайдалы көру шегін кеңірек көреді, сондықтан олар нысананы орталық нүктеден де алыс тұста анықтай алады. Балалар қауіпті ортаға кірудің алдын алуға арналған техникалық амалдарды айналып өту тәсілдерін жиі тауып алады, сондықтан білім, таныстық және қарапайым ережелер үнемі өте маңызды бола бермек. Мысалы, кейбір ата-аналар ұйықтар алдында ұялы телефондар мен ноутбуктердің жатын бөлмеден тыс жерде болуын қадағалау үшін «енгізу» тәртібін орнатып қояды. Ақыр аяғы, ата-аналар балаларының интернетті қалай пайдаланатынын, қандай сайттарға кіріп, кімдермен сөйлесетінін білуді ертерек бастауға тиіс. Бала өсе түскен сайын ата-аналар балаларына қауіптерден сақтануды үйрете алады, сөйтіп, баланың сондай жағдайға тап болғанда асып- саспауды және ата-анаға қашан айту қажеттігін білетініне сенеді. Иә, қауіп жоқ емес, интернет бала дамуының жағымды бөлшегі болып қалу үшін оны төмендетуге де болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Патрисия Уоллейс “Интернет психологиясы”– Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. (246-249 бет) (251 бет)
2. <http://library.atu.kz/files/10284.pdf> (301бет)
3. <https://bilim-all.kz/article/16899-Smartfonnyn-bala-psihiologiyasyna-aseri>
4. <https://stud.kz/referat/show/55866> (Бала Психологиясы)
5. Ж. Қ. Дүйсенова, Қ. Н. Нығметова “Бала психологиясы” оқулық – Алматы 2013.
https://shahtinsklb.kz/kk/new_books/id/157300
6. Эрик Берн «Адамдар ойнайтын ойын. Ойын ойнайтын адамдар» кітабы, Аударма. А.Грузберг, 2006 ж. Орыс тіліндегі басылым. «Эксмо Publishing» ЖШС, 2014 ж

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Дарина Жусупова,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Астана қаласы

Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталған. Білім беруде АКТ қолданудың негізгі бағыттары, сонымен қатар оларды пайдаланудың педагогикалық мақсаттары қарастырылған. Инклюзивті білім беруде АКТ-ны қолданудың мақсаттары мен дәлелдері анықталды. Оқу процесінде АКТ қолданудың мүмкін болатын жағымсыз салдары сипатталған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, психофизикалық даму ерекшеліктері.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде мүмкіндігі шектеулі адамдардың және психофизикалық дамуы ерекше қажеттіліктері бар саны артып келеді. Бұрын мүгедектердің мамандандырылған оқу орындарында немесе үйде білім алуы әдетке айналды, бұл олардың медициналық және білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын жағдайларды қамтамасыз етеді. Алайда, мұндай оқу процесі баланың толық әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтірді, бұл мұндай балалардың құрдастарынан және жалпы қоғамнан оқшаулануына әкелді. Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді білім беру ортасын құру қазіргі қоғамның басты міндеті болып табылады. Бұл мәселенің шешімі ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу үдерісіне қосуды көздейтін инклюзивті білім беруді енгізу болды.

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың әрбір тобының мұғалім қанағаттандыруға тиісті арнайы білім беру қажеттіліктері бар екенін ескерген жөн, бұл қолайлы әдістер мен әдістерді іздеуді білдіреді. АКТ қолдану инклюзивті сыныптар мен топтардағы балаларға ыңғайлы білім беру бағдарламасын жасауға көмектеседі. Осыны негізге ала отырып, инклюзивті білім беруде АКТ-ны қолданудың проблемалық мәселелерін қарастыру маңызды [11].

Инклюзивті білім берудің білім беру жүйесіндегі интеграциямен салыстырғанда бірқатар айырмашылықтары бар. Интеграция ерекше қажеттіліктері бар адамдардың ешбір өзгеріссіз қалатын білім беру жүйесіне бейімделуін білдіреді. Инклюзия, керісінше, жағдай мен ортаны оқушылардың ерекшеліктеріне қарай бейімдейді. Бұл үй-жайларды қайта жоспарлау,